

## Өңірлік және апелляциялық комиссиялар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 532 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 23 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2815. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі N 232 (V053619) бұйрығымен.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2004 жылғы 6 сәуірдегі N 2795 тіркелген "Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру үйымдарындағы білім алушыларға аралық аттестаттауды үйымдастыру және оны өткізу ережесін бекіту туралы" Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 31 наурыздағы N 264 бұйрығына сәйкес Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру үйымдарындағы білім алушыларға аралық аттестаттауды үйымдастыру және оны өткізу жөнінде өңірлік және апелляциялық комиссиялар туралы ереже бекітілсін.

2. Олардың базаларында 2 (3) курс студенттеріне кешенді тестілеу өткізілетін жоғары оқу орындарының ректорлары:

1) өңірлік және апелляциялық комиссиялардың құрамына кандидатураларды Білім және ғылым министрлігіне бекітуге ұсынын;

2) өңірлік және апелляциялық комиссиялардың жұмысын үйымдастырын.

3. Білім беруді дамыту стратегиясы және халықаралық ынтымақтастық департаменті (С.Ә. Ырсалиев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынын.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*М и н и с т р д і н*

*міндеттін атқарушы*

"Өңірлік және апелляциялық  
комиссиялар туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2004 жылғы 9 маусымдағы  
N 532 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру үйымдарындағы білім алушыларды аралық аттестаттау бойынша өңірлік және апелляциялық

**Ереже****1. Жалпы ережелер**

1. Кәсіптік жоғары білім беру үйымдарындағы білім алушыларды 2 (3) курстан кейін аралық аттестаттау жөнінде өңірлік және апелляциялық комиссиялар (бұдан әрі - өңірлік комиссия және апелляциялық комиссия) Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру үйымдарындағы білім алушыларға аралық аттестаттауды үйымдастыру және өткізу ережесіне сәйкес құрылады.

2. Өңірлік және апелляциялық комиссиялар базаларында 2 (3) курстан кейін аралық аттестаттау (бұдан әрі - БАА) өткізілетін әрбір жоғары оқу орындарында құрылады.

3. Өңірлік және апелляциялық комиссиялар өз жұмысында осы ережені, Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру үйымдарындағы білім алушыларға аралық аттестаттауды үйымдастыру және өткізу ережесін және басқа нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

**2. Өңірлік комиссия****1. Өңірлік комиссияның құрамы**

4. Өңірлік комиссияның құрамы базаларында аралық аттестаттау өтетін жоғары оқу орындарының ұсыныстары бойынша БАА дайындау және өткізу кезеңінде құралады.

Өңірлік комиссияның құрамына студенттері БАА бойынша кешенді тестілеуден өтіп жатқан жоғары оқу орындарының өкілдері кіреді.

Өңірлік комиссияның құрамына бақылаушылар ретінде құқық қорғау органдарының, қоғамдық үйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін кіргізуға болады.

Өңірлік комиссияның төрағасы болып базасында БАА өтетін жоғары оқу орнының ректоры немесе осы жоғары оқу орнында БАА өткізуға жауапты адам тағайындалады.

Өңірлік комиссияның құрамын жыл сайын Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) бекітеді.

**2. Өңірлік комиссияның міндеттері мен функциялары**

5. Өңірлік комиссияның негізгі міндеті - жоғары оқу орындарында БАА өткізу жұмысын үйимдастыру және үйлестіру болып табылады.

6. Өңірлік комиссия алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін:

1) БАА бойынша үйимдастыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді;

2) БАА-ға қатысатын студенттер туралы мәліметтер базасын құруды іске асырады;

- 3) студенттерді кешенді тестілеуден өткізуге қажетті жағдай жасайды;
- 4) аудиториялар бойынша кезекшілерге нұсқау береді;
- 5) емтихан аяқталғаннан кейін дұрыс жауаптардың кодын іледі және кешенді тестілеудің нәтижелерін хабарлайды;
- 6) апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастырады;
- 7) мемлекеттік сертификаттар беруді ұйымдастырады;
- 8) сынақ кітапшасына нәтижелерді (сынақ бағаларын) қояды;
- 9) БАА нәтижелерімен бірге топ бойынша тізімдемелері және тестілеудің қайта өтетін студенттер туралы мәліметтер қоса берілген анықтаманы дайындайды және оны Министрлікке жібереді.

### **3. Өнірлік комиссияның құқығы**

7. Өзіне жүктелген негізгі функцияларды іске асыру үшін өнірлік комиссия:
  - 1) өз құзыретінің шегінде БАА өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асыруға;
  - 2) БАА мәселелері және өнірлік комиссия жұмысының тиімділігін арттыру бойынша Министрлікке ұсыныстар енгізуға;
  - 3) өнірлік және апелляциялық комиссиялардың жұмысына жоғары оқу орындарының қызметкерлерін тартуга құқылы.

### **4. Өнірлік комиссияның жұмысы**

8. Өнірлік комиссия төраға бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Өнірлік комиссияның хатшысы жұмыс жоспарын, отырыстардың күн тәртібін жасайды, комиссия мүшелерінің өзара әрекеттерін ұйымдастырады және іс қағаздарын жүргізуге жауап береді.
9. Егер комиссия мүшелерінің жалпы санының 2/3 қатысқан болса, онда өнірлік комиссияның отырысы өтті деп есептеледі.
10. Өнірлік комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелері санының басым көпшілік дауысымен қабылданады және барлық комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып саналады.

### **5. Апелляциялық комиссия**

11. Апелляциялық комиссия мамандықтар пәндері мен даярлық бағыттары бойынша жоғары оқу орындарының оқытушыларынан құрылады. Апелляциялық комиссияның құрамын Министрлік бекітеді.
12. Апелляциялық комиссия тестілеу нәтижелерімен келіспеген студенттердің арыздарын қабылдап алады және оны қарайды.
13. Апелляцияға арыз тестілеу нәтижелерін хабарлағаннан кейін бір тәулік ішінде апелляциялық комиссияға беріледі және апелляцияға берілгеннен кейін бір тәулік ішінде қаралады.
14. БАА өткізу технологиясын білім алушының бұзына байланысты мәселелер бойынша апелляция қабылдайды.

15. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамының басым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссияның тәрағасы шешуші дауысқа құқылы.

16. Апелляциялық комиссияның шешімін комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді және комиссияның тәрағасы бекітеді.

17. Апелляциялық комиссия студенттерді апелляция қорытындыларымен хабардар етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК